

Судьялар одағы Орталық кеңесінің
2020 жылғы 05 тамыздағы № 32 қаулысымен
жаңа редакциясы бекітілді

«Қазақстан Республикасының Судьялар одағы» РҚБ Орталық кеңесінің

ЖҰМЫС РЕГЛАМЕНТІ

Осы Регламент Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының, «Қазақстан Республикасының Судьялар Одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Судьялар одағы) Жарғысының негізінде әзірленді.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің өкілеттіктері, отырыстарын өткізу тәртібі Судьялар одағы Жарғысының 5.6, 5.7, 5.8 және 5.9-тармақтарында айқындалған.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырыстары Судьялар одағы Төрағасының, Судьялар одағы Хатшысының немесе Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшесі Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырыстарына (тікелей немесе онлайн-режимде) қатысуға міндетті. Дәлелді себептермен қатысу мүмкін болмаған жағдайда ол бұл туралы Судьялар одағы Орталық кеңесінің аппаратына дер кезінде хабарлауға тиіс.

Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшесінің отырысқа дәлелсіз себептермен қатыспауына жол берілмейді. Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшесінің дәлелсіз себептермен отырысқа қатыспау фактісі Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында талқылау нысанасы болуы мүмкін.

Отырыс күні туралы ақпарат көрсетілген хатты күн тәртібімен және материалдардың көшірмелерімен бірге Судьялар одағының хатшысы, әдетте, кемінде үш күн бұрын Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшелеріне (whatsapp) электрондық пошта арқылы жібереді.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысы, егер оған оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды деп танылады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысындағы шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысына қатысып отырған мүшелерінің кемінде жартысы қолдаған Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшесінің ұсынысы бойынша жасырын дауыс беру өткізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жасырын дауыс беру нәтижелерін есептеу жөніндегі есеп комиссиясы сайланады.

Судьялар одағы Хатшысының кандидатурасы бекітілген кезде, егер кандидатураға Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде 2/3-і дауыс берсе, шешім қабылданады.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысын өткізу тәртібі.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің отырысында Судьялар одағының Төрағасы, ал ол болмаған кезде Судьялар одағының Хатшысы не Судьялар одағы Төрағасының тапсырмасы бойынша Судьялар одағы Орталық кеңесінің басқа мүшесі төрағалық етуші болып табылады.

Судьялар одағының Төрағасы (Төрағалық етуші) Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің келуі, отырыс кворумының болуы туралы хабарлайды, отырыс өткізу туралы пікір сұрайды, содан кейін отырысты ашық деп жариялайды.

Төрағалық етуші Судьялар одағының Орталық кеңесі мүшелерінің арасынан отырыстың хатшысын сайлауды ұсынады, ол қарапайым көпшілік дауыспен сайланады.

Төрағалық етуші Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінен отырыстың күн тәртібі мен оны өткізу тәртібі туралы пікірін сұрайды. Судьялар одағы Орталық кеңесінің әрбір мүшесі күн тәртібін толықтыру немесе өзгерту жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы. Мұндай ұсыныс дауысқа салынады және Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің көпшілігі келіскен жағдайда күн тәртібіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізіледі. Талқылаудан кейін күн тәртібі мен отырысты өткізу тәртібі бекітіледі.

Мәселелер күн тәртібіне сәйкес біртіндеп талқыланады.

Баяндамашыға, одан кейін өтініш берушіге (шағым авторына) сөз беріледі, одан кейін сұрақтар қойылады, материалдар жария етіледі және зерделенеді.

Төрағалық етуші отырыс жұмысына кедергі келтіретін өтініш берушіні (шағымның авторын) оған ескертілгеннен кейін отырыстан шығарып жіберуге құқылы.

Төрағалық етуші күн тәртібіндегі мәселені талқылауға көшуді ұсынады. Талқылау өтініштің (шағымның) авторы болмаған кезде жүргізіледі.

Материалдарды талқылағаннан кейін, олармен танысқаннан және зерделегеннен кейін Судьялар одағы Орталық кеңесінің мүшелері пікір алмасады және қаулы нысанында шешім қабылдайды.

Судьялар одағы Орталық кеңесінің қаулылары бекітілген күн тәртібінің мәселелері бойынша тұтас не әрбір мәселе бойынша жеке жасалады.

Әрбір қаулыға реттік нөмір беріледі.

Қаулыда отырыстың өткізілетін орны, өткізу нысаны, қатысушылары, күні және басқа да деректемелер көрсетілуі тиіс (үлгі қоса беріледі).

Қаулы бес жұмыс күні ішінде жасалады және оған отырысқа Төрағалық етуші мен хатшы қол қояды.

Отырысқа Төрағалық етуші мен хатшы қол қойған, Судьялар одағының мөрімен куәландырылған Судьялар одағы Орталық кеңесінің қаулысы өзіне қатысты хаттамалық шешім шығарылған адамдарға жіберіледі.

Судьялар одағының Орталық кеңесі оған қатысты Судьялар одағы облыстық филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясының хаттамалық шешіміне келіп түскен судьяның өтінішін қарап, мынадай шешімдерді қабылдайды;

- шешімді өзгеріссіз қалдырады;
- шешімнің күшін жоя отырып жаңа шешім қабылдайды;
- шешімнің күшін жоя отырып, тиісті өңірге немесе басқа өңірдегі Судьялар одағы облыстық филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясына жаңадан карауға жібереді.
- шешімді Судьялар одағы филиалының Судья әдебі жөніндегі комиссиясы туралы ереженің 6.1, 6.2-тармақтарына сәйкес өзгертеді.*

Күн тәртібіндегі мәселелер қарастырылғаннан кейін Төрағалық етуші Судьялар одағы Орталық кеңесі мүшелерінің өткізілген отырыстың барысы туралы пікірін анықтайды және отырыстың жабылғаны туралы ақпараттандырады (хабарлайды).

Отырыста хаттама жүргізіледі. Хаттаманы Төрағалық етушінің тапсырмасы бойынша Судьялар одағы Орталық кеңесінің аппараты қызметкерлерінің бірі жүргізеді. Хаттамаға Орталық кеңестің Төрағасы (Төрағалық етуші), Хатшысы (Төрағалық етуші) және мүшелері қол қояды.

** ҚР СО ОК-нің 18.03.2022 жылғы қаулысы арқылы енгізілген өзгерістермен*

* * *